**Астана қаласындағы "Астанаөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік-технологиялық кешеніндегі өрттің салдарынан болған топтық жазатайым жағдайдың себептерін арнайы тексеру жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 қарашадағы N 1809 Қаулысы

2009 жылғы 9 қарашада Астана қаласындағы "Астанаөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік-технологиялық кешеніндегі өрттің салдарынан болған топтық жазатайым жағдайдың себептерін арнайы тексеру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес құрамда Астана қаласындағы "Астанаөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік-технологиялық кешеніндегі өрттің салдарынан болған топтық жазатайым жағдайдың себептерін және өрттің салдарларын жою, арнайы тексеру жөнінде үкіметтік комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрылсын.

2. Комиссия жедел түрде жұмысқа кіріссін, топтық жазатайым жағдайдың себептерін және мән-жайын жан-жақты тексеруді қамтамасыз етсін, келтірілген шығынның көлемін анықтасын, зардап шеккендер мен қаза тапқандардың отбасыларына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссия жетекшісі В.К. Божко топтық жазатайым жағдайды тексерудің нәтижелері және зардап шеккендер мен қаза тапқандардың отбасыларына бірінші кезекте көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 қарашадағы N 1809 қаулысына қосымша

**Астана қаласындағы "Астанаөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өндірістік-технологиялық кешеніндегі өртті тексеру жөніндегі үкіметтік комиссия**

| | |
|---|---|
| Божко Владимир Карпович | - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, төраға |

Крылов Василий Леонидович - Астана қаласы әкімінің орынбасары, төрағаның орынбасары

Петров Валерий Викторович - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі, төрағаның орынбасары

Бисақаев Серікқали Ғұмарұлы - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрлігі Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары

Кузнецов Александр Георгиевич - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өртке қарсы қызмет комитеті мемлекеттік өрт бақылауы басқармасының бастығы, хатшы

Жөргенбаев Мұхтар Әкебайұлы - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары

Әубәкіров Серік Ғабдұлұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өртке қарсы қызмет комитетінің төрағасы

Бекетаев Марат Бақытжанұлы - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі

Сүлейменов Тимур Мұратұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министр

Жошыбаев Рәпіл Сейітханұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы

Әміров Мұхарам Серікұлы - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Тергеу комитетінің төрағасы

Ахметов Сапар Қайратұлы - Астана қаласы "Алматы" ауданының әкімі

Ермеков Тұрсынбек Өмірәліұлы - Астана қаласы жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының бастығы

Мифенко Петр Игоревич - "Стройпромпол" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры

Богданов Игорь Владимирович - "Ақтөбе-Экорт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры

| | |
|---|---|
| Сейітқалиев Берік Қапарбекұлы | - "Сабырлы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК